

Бижанова М.Т.

**Алтын Орда мен Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымының тарихи сабақтастық мәселелері жөнінде**

Мақаланың мақсаты Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымының Алтын Орданың мемлекеттік құрылымымен тарихи сабақтастығын анықтау болып табылады. Олардың мемлекеттік құрылымының тарихи сабақтастығын қарастыру барысында тарихи-салыстыру әдісі қолданылады. Бұл мемлекеттердің тарихы жекелей жақсы қарастырылғанымен, мемлекеттілік тарихын зерттеуде үздіксіздік және сабақтастық принциптері ескерілмеген. Сондықтан, екеуінің мемлекеттік құрылымын зерттеген зерттеушілердің еңбектері жеке-жеке қарастырылды. Алтын Орда мемлекетіндегі ұлыстар, мемлекеттің екі қанатқа бөлінуі, хан билігінің киелілігі мәселелерінің Қазақ хандығында көрініс табуы, қандайда бір сабақтастықтың болғандығының белгісі. Атап айтсақ, XVI ғасырдың басында қазақтарда 20-ға жуық орта ұлыстар және 3 ірі ұлыстардың болуы, олардың Майсара (оң қанат) мен Майменеге (сол қанат) бөлінуімен нақтыланады.

**Түйін сөздер:** Алтын Орда, Қазақ хандығы, тарихи сабақтастық, ұлыс, киелілік.

Bizhanova M.T.

**Problems of the historical continuity of state system of the Golden Horde and the Kazakh Khanate**

In this article, the problems of historical continuity of the state system of the Golden Horde and the Kazakh Khanate were considered. Medievalists thoroughly studied the history of the state structure of each state separately, that is, the principles of continuity and succession were not the focus of scientists. In the course of the investigation of the aforementioned problem, we adhered to precisely these principles. The historical-comparative analysis was used. The study of such elements of the state system as the ulus, the division of the army into two wings, the belonging of the khan's power to the Chingizids both in the Golden Horde and in the Kazakh Khanate led us to the conclusion that the historical continuity of the state system between these states really existed.

**Key words:** Golden Horde, Kazakh Khanate, historical succession, ulus, sacredness.

Бижанова М.Т.

**Проблемы исторической преемственности государственного строя Золотой Орды и Казахского ханства**

В данной статье были рассмотрены проблемы исторической преемственности государственного строя Золотой Орды и Казахского ханства. Медиевистами была хорошо изучена история государственного строя каждого государства по отдельности, и не рассматривались принципы преемственности и непрерывности. В ходе исследования выше указанной проблемы мы придерживались именно этих принципов. При изучении материала использовался историко-сравнительный анализ. Исследование таких элементов государственного строя, как улус, деление войска на два крыла, принадлежность ханской власти чингизидам как в Золотой Орде, так и в Казахском ханстве, привело нас к выводу о том, что существовала не только династическая преемственность, но и преемственность государственного строя между этими государствами действительно существовала.

**Ключевые слова:** Золотая Орда, Казахское ханство, историческая преемственность, улус, сакральность.

**АЛТЫН ОРДА МЕН  
ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ  
МЕМЛЕКЕТТІК  
ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ  
ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ  
МӘСЕЛелЕРІ ЖӨНІНДЕ**

**Кіріспе**

Қазіргі таңда Алтын Орда тарихын зерттеу ортағасырлық тарихпен айналысатын зерттеуші мамандар үшін өте өзекті тақырыптардың біріне айналып отыр. Себебі тәуелсіздік кезеңінде Отан тарихын жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеу Алтын Орда тарихына қатысты деректер мен материалдарды қайта зерделеуді талап етуде. Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты мерейтой Елбасы Н. Назарбаевтың: «Қазақ хандығы бұдан бес жарым ғасыр бұрын ғана шаңырақ көтерсе де, Еуразияның ұлы даласында орнаған арғы дәуірдегі сақ, ғұн, үйсін мемлекеттерінің, бергі замандағы Ұлы түрік қағандығы, Дешті Қыпшақ пен Алтын Орда мемлекеттерінің заңды мұрагері» деп баса айтуы – еліміздің тарихшыларына қандай бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізуді анықтап берді. Кеңестік тарихнамада еліміздің аумағында өмір сүрген мемлекеттер тарихын зерттеуде сабақтастық принципі ескерілмегені белгілі. Ал қазіргі таңда елімізде мемлекеттілік тарихын зерттеуде үздіксіздік және сабақтастық принциптері басты назарға алынып отыр. Елбасының жоғарыда айтқан ойы бізді осындай принциптерді басшылыққа алуға бағыттайды.

Мемлекеттілік тарихын зерттеуде оның саяси-әкімшілік, басқару құрылымдық жүйесі маңызды орын алады. Және бұл жүйелер этностардың ғасырлар бойы келе жатқан өзіндік дәстүрлерімен тығыз байланыста болғандықтан көп өзгеріске түспейді. Біз мұндай үдерісті Алтын Орда мен Қазақ хандығының арасындағы мемлекеттілік құрылымдарынан байқаймыз. Сол себепті де Алтын Орданың мемлекеттік құрылымымен тарихи сабақтастығын зерттеу қазіргі кезде өзекті мәселелердің бірі болып отырғандығы сөзсіз.

Сол себепті де біз осы жұмысымыздың мақсаты етіп Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымының Алтын Орданың мемлекеттік құрылымымен тарихи сабақтастығын анықтауды белгіледік.

Осы мақсатқа жету үшін зерттеу жұмысы барысында алдымызға төмендегідей міндеттер белгіледік:

– Алтын Орданың мемлекеттік құрылымының эволюциясын көрсету;

– Алтын Орданың мемлекеттік құрылымының Қазақ хандығында көрініс табуын қарастыру.

Зерттеу мәселесінің тарихнамасына келер болсақ, Алтын Орда мен Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымының тарихи сабақтастығы жайында арнайы еңбектер болмағанымен, осы аталған мемлекеттердің мемлекеттік, қоғамдық-саяси құрылымына қатысты жекелеген зерттеулер баршылық. И. Березин Алтын Орданың Руське жіберген тархандық жарлықтарының негізінде алғашқылардың бірі болып Алтын Орданың әкімшілік құрылымын зерттейді. Ол өз еңбегінде Алтын Орданың әскери, азаматтық қызметтік шендер мен атақтарды қарастырады (Березин, 1850: 7-13). Б.Д. Греков, А.Ю. Якубовский Алтын Орда мемлекетін феодалдық монархия деп қарастыра келе, мемлекеттік құрылымындағы негізгі ірі шендерге тоқталады, олардың атқаратын қызметін жақсы ашып көрсеткен. Мысалға, басқа зерттеушілердің еңбектерінде көп кездесе бермейтін бакаулдар қызметі туралы жақсы пікірлер айтқан (Греков, Якубовский, 1950: 123-127). Жалпы, Алтын Орданың қоғамдық құрылымын толыққанды зерттеген Г.А. Федоров-Давыдов еңбегі өте құнды. Мұнда ол ұлыстық жүйе мәселесіне арнайы тоқталады (Федоров-Давыдов, 1973: 43,49), ал В.Л. Егоровтың ізденістерінде беклербектердің қызметі мен билігі жақсы қарастырылған (Егоров, 1972: 39-40). Американдық ғалым Ю. Шамилоглының Алтын Орда қоғамының рулық қауым (клановая) құрылымындағы төрт карачи-бектің мәселесіне қатысты ізденістері өте қызықты (Shamilogly, 1986:). Моңғол империясының мемлекеттік құрылымының бастаулары ғұндар дәуірінен басталып, бірінің орнын бірі басып отырған қағанаттар мен мемлекеттермен жалғасын тапқанын айта келе, осы мемлекеттер арасында билік, әкімшілік-территориялық құрылымдағы тарихи сабақтастықты көрсететін В. Трепавловтың монографиясы біздің мәселе үшін өте маңызды (Трепавлов, 1992:4-6). Қазақстандық ғалым Ж. Сабитовтың ізденістеріндегі Алтын Орда мен Қазақ хандығы саяси құрылымдарына байланысты мақалаларының маңыздылығы зор. Татарстан ғалымдары Алтын Орда өркениетінің тарихын зерттеуде көптеген ғылыми жинақтар, томдықтар шығару үстінде. Олар Алтын Орда тарихын бұрмалай отырып, өздеріне ғана тән мемлекет ретінде көрсетіп отыр. «История татар с древнейших времен» атты көп томдықтың үшінші томы толықтай Алтын Орда тарихына арналған. Соның ішіндегі

саяси билік пен мемлекеттік құрылым мәселесін жазған И. Измайлов пен Д. Исхаковтың ізденістері татымды деуге болады.

Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымы аса терең зерттелген тақырып деп атауға болмайды. Себебі бұл тақырып бойынша арнайы еңбек жоқ деуге болады. Т. Сұлтановтың «Кочевые племена Приаралья XV-XVII вв.» атты монографиясы қазіргі таңда кейінгі ортағасырлардағы қазақтардың қоғамдық-саяси құрылымына арнайы тоқталып өткен бірегей құнды еңбек болып табылады. Онда автор Қазақ хандығының ұлыстық жүйесі туралы мәліметтер келтіреді (Сұлтанов, 1982: 78-79). Сонымен қатар К.А. Пищулина қазақтардың мемлекеттілігі туралы мақалаларында осы мәселеге назар аударады (Пищулина, 2016: 224-228) және Н. Атығаевтың кандидаттық диссертациясында кішігірім шолу жасалынады (Атығаев, 2003: 151-158).

#### Мәселенің методологиясы

Біз қарастырып отырған мәселенің теориялық-методологиялық негізіне көшпелі қоғамдарда мемлекеттіліктің болғандығын мойындайтын, сондай-ақ көшпелі қоғам өз құрылымынан мемлекеттілікті туғыза алады деген ұстанымдарды аламыз. Көшпелі қоғамның қоғамдық қатынастары мен мемлекеттілік мәселесімен айналысқан зерттеушілердің европоцентристік көзқарастарынан туындаған ертетаптық және таптық емес теориялармен байланысты көзқарастарға тоқталып өтсек. Кейбір ғалымдар Шыңғыс-хан мен оның ұрпақтарының империясын дамымай қалған таптық жүйе және саяси институттары жоқ саяси-потестарлы ұйым, яғни ерте таптық құрылым (Скрынникова, 1997: 12,32) деп айтса, кейбірі көшпелі мемлекеттердің мемлекеттілігінің супер күрделі көсемдік үлгісін ұсынып ерте таптық пен таптық құрылымның ортасында тұрған, өздігінен мемлекет бола алмайтын саяси құрылым деп көрсетті (Крадин, 2001: 7,8). Ал енді біреулері Жошы ұлысын өзіндік ерекшелігі бар, саяси, әлеуметтік-экономикалық институттары бар феодалдық мемлекет деп «көшпелі феодализм» терминімен негіздеп көрсетті (Владимирцов, 1934: 110-119). Алайда бұл концепциялардың барлығы басшылығында басқарушы тайпа тұратын дәстүрлі көшпелі қоғамның элементтерінен және дамыған әкімшілік-басқару жүйесінен тұратын Алтын Орда мен Қазақ хандығының қоғамдық-саяси жүйесінің шынайы, толық бейнесін көрсете алмайды. Сон-

дықтан біз көшпелі мемлекеттерде мемлекеттілік жоқ екендігін дәлелдеуге тырысқан теорияларға сын көзбен қарап, мемлекеттілік бар екендігін көрсететін теорияларға сүйене келе, мәселемізді ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырамыз. Материалдарды қарастыру барысында тарихи-салыстыру әдісін қолданамыз.

### **Мемлекеттік құрылым және тарихи сабақтастық**

Алтын Орда мен Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымының тарихи сабақтастық мәселелеріне кіріспес бұрын алдымен мемлекеттік құрылым дегеніміз, не мағына беретініне тоқталайық. Мемлекеттік құрылым – кең мағынада, мемлекеттің жалпы құрылымын, яғни мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық және саяси негіздерін, оның азаматтарының құқықтық мәртебесінің негіздерін, мемлекеттік аймақтық құрылысын, мемлекеттік органдар жүйесін тұтас қамтитын ұғым, ал тар мағынада мемлекеттік биліктің аумақтарға немесе ұлттық аймақтарға бөлінуі, яғни мемлекет аумағының ішкі бөлінісі. Осы анықтамаға сай Алтын Ордада мемлекеттік биліктің аумақтарға немесе аймақтарға бөлінуі ұлыстық жүйеден көрініс табады. Ұлыс – иелікке берілген көшпелі халық (Федоров-Давыдов, 1973: 43). Ал Б.Я. Владимирцов бұл терминді ханға, көсемге, ноян немесе бахадүрге бағынышты жағдайындағы рулардың, тайпалардың бірігуі деп көрсетеді (Владимирцев, 1934: 98-99). Бұл терминнің екі мағынада, біріншісі хан иелігіндегі бүкіл елді білдірсе, екіншісі ханның оғландарға (сұлтандар) бөліп берген иеліктер ретінде қолданылады. 3. Қинаятұлы ұлыс термині моңғол-тунгусша мемлекет деген мағынаны білдіреді деп көрсетеді (Қинаятұлы, 2010: 654). ХҮ-ХҮІ ғасырларда ұлыс деп саяси ұйымдар, мемлекеттер, сонымен қатар кішігірім ру-тайпалық топтар да аталды (Атығаев, 2003: 152). Моңғол империясында, Алтын Ордада оғландар туылғаннан ұлыс алуға құқылы болды, ал басқа ақсүйек өкілдеріне ханға қызмет жасауына қарай сый (пожалование) ретінде берілді (Федоров-Давыдов, 1973: 47). Т. Султанов XVI-XVII ғғ. Қазақ хандығында ұлыс билігін тек Шыңғыс хан ұрпақтары жүргізді деп көрсетеді (Султанов, 1982:78). Алтын Орда тұсында да, Қазақ хандығы кезеңінде де ұлыстардың орналасқан территориясын юрт немесе йурт деп аталды (Федоров-Давыдов, 1973: 44. Султанов Т. 1982:78). Ұлыстық жүйе Алтын Орда мен Қазақ хандығында бірдей көрініс

тапты. Себебі екі мемлекетте де ұлыстар – әскери, әкімшілік-территориялық ұйым деп көрсетіледі. Алтын Орда мемлекетінде әр ұлыс соғыс жағдайында 10000 әскер шығаруға міндетті болды (Исхаков, Измайлов, 2009: 316, Федоров-Давыдов, 1973: 48). Ал Қазақ хандығында 10 мың жанұядан тұратын кішігірім ұлыстар өзінен үлкенірек ұлыстарға қосылып, ірі ұлыстарды құрды. Т. Султанов Ибн-Рузбиханның дерегі негізінде бір ірі ұлыстың әскері 30 мыңнан 50 мыңның арасында болғандығын жазады.

Батудың тұсында Алтын Ордада 19 ұлыс, кейінірек өзбек хан тұсында 17 ұлыс болды (Сабитов, 2012: 270, 271). Бұл ұлыстардың сегізі оң қанатқа және қалған сегізі сол қанатқа бөлінді, ал біреуі бас беклербектің ұлысы болғандықтан қанаттарға бөлінбеді. Қазақ хандығына келер болсақ ХҮ-ХҮІ ғасырларда мемлекет ұлыстық жүйе арқылы басқарылғандығы парсы және түрік деректерінен көрініс табады. Ортағасырлар тарихын зерттеуші білікті тарихшы Т. Султанов XVI ғ. Қазақ хандығының құрамында 20-ға жуық орта ұлыстар және 3 ірі ұлыс болды деп көрсетеді. XVI ғ. басында осындай ірі ұлыстар Жәнібек ханның балалары: Қасым сұлтан, Джаниш сұлтан, Таниш сұлтанда болды (Султанов, 1982:81) деп жазады. Қанаттық жүйеге келер болсақ, Қадырғали Жалайридің «Жамиғат-ат таварих» еңбегінің мәліметтерінде қазақтар екі қанатқа бөлінгендігі айтылған. Олар Маймене (оң қол) және Майсара (сол қол). Майсара Алаш мыңы деп те аталды дей келе Маймене құрамына қатағандар, ал Майсара құрамына Алаш мыңының ішіндегі ең ірі ру жалайыр кірді дейді (Қадырғали Жалайри, 2006: 172). Қадырғали Жалайридің бұл еңбегі 1602 жылы аяқталған. Қадырғали Жалайридің өзі 1585 жылы хан тұқымы Ораз Мұхаммедпен Ресейге келген. Біраз жылдар осында хабарсыз кеткен Ораз Мұхаммед 1594 жылдан бастап ағасы Тәуекел ханмен қайта хат-хабар алмасып тұрады. Яғни, бұл дегеніміз Қадырғали Жалайридің еңбегіндегі қанаттық жүйе Тәуекел хан тұсындағы қанаттық жүйесінің көрінісін бейнелеген деп айтуға болады.

Алтын Орда мен Қазақ хандығына дейін өмір сүрген Ғұндар мемлекетінде, Түрік қағанатында да қос қанаттық жүйе болғандығын білеміз. Евразия даласының халықтарымен құрылған мемлекеттерде территорияның екіге бөлінуі жиі кездесетін жағдай. Көбінесе олар әрқайсысында өзінің басшысы бар екі қанатқа, батыс және шығысқа бөлінді. Екі қанатқа бөліну феноменінің бірнеше рет ғылыми анализдерден өткенін В. Трепавловтың монография-

сынан көруге болады. Ол қос қанаттық жүйенің кейбір ғалымдар алғашқы қауымдық қоғамның дуальды-фратриялық жүйенің қалдықтары деп көрсетсе, ал кейбірі қос қанаттық жүйенің пайда болуын әскери-ұйымдастырушылық форманың негізінен, яғни ру-тайпалар жасақтарының оң және сол қанатқа бөлінуінен болды, тағы бірі территорияны бөлу жаулап алынған территорияның өте үлкен болғандығынан дейді. Себебі үлкен территорияны бір орталықтан басқару мүмкін емес болатын. А.И. Карагодин мен В.М. Успенскийдің мемлекеттің екі қанатты конструкциясының пайда болуын ру аралық және тайпа аралық соғыстардың салдары деп көрсеткендігін атап өтеді (Трепавлов, 1993: 75). Осы анықтамаларды талдай келе, В.Трепавлов моңғолдардың ұлыстық жүйесі мен қанаттық жүйесінің қыпшақ даласында жаңалық болмағандығын, яғни моңғолдарға дейін өмір сүрген империялардың мемлекеттік құрылымының негізінде, З. Қинаятұлының моңғол қоғамында түркіліктің сыртында қидандық, тунгустық, қытайлық мемлекеттік жүйесінің элементтері бар (Қинаятұлы, 2010: 660) дегендей, өзіндік ерекшеліктері бар жүйені алып келді. Бұл дегеніміз – мемлекеттік құрылымның негізі өзгермей, заман талабына сай жаңа элементтермен толықтырылған мемлекеттік құрылымды моңғолдардың ұстануы тарихи байланыстың үзілмей, жалғастығын көрсетеді. Яғни, біз жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйенсек моңғолдардың ұлыстық және қанаттық жүйенің Алтын Ордада және Қазақ хандығында да жалғасын тапқанын көріп отырмыз.

Жошы ұлысының оның үлкен ұлы Орда Ежен мен Батуға бөлінгендігі белгілі. Яғни Жошы ұлысының оң қанатын Бату басқарды, ал сол қанатын Орда Ежен басқарды. Жошының қалған ұлдары осы екі қанат астындағы ұлыстарды басқарды. Орда Ежен билеген ұлыс Ақ Орда, ал Бату билеген ұлыс Көк Орда деп аталды. Қазіргі таңда зерттеулер Атын Орда термині аясында ғалымдар арасында қызу пікірталас тудырғаны анық. Ресей империясы тұсындағы тарихнамашылардың Алтын Орда деп тек Батудың ұлысын көрсетуі қателік деп, Алтын Орда мен Жошы ұлысы синоним терминдер деген пікірді айтуда (Сабитов, 2015: 1). Бұл мәселені айтуымыздың себебі Жошы ұлысында қос үкіметтіліктің болғандығын көрсету. Алтын Ордада беклербектердің лауазымының жоғары болғандығы соншалықты, олардың кейбірінің бүлік шығарып, жеке орда болуы қос үкіметтіліктің белгісі. Мысалы, Ноғайдың бүлігі және Ноғай Ордасының құрылуы. Қос үкіметтілік

Қазақ хандығында болғаны белгілі. Олар Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүздердің сұлтандарының ханға айналып жеке дара мемлекет ретінде билік жүргізуінен көреміз. Қазақ қоғамында жүздердің қай уақытта және қандай құрылымның негізінде пайда болғандығы туралы нақты мәлімет жоқ. Т. Сұлтановтың еңбегінде Қазақ ұлыстарының басшылығында (XVI ғ.) міндетті түрде сұлтандар болған, ал жүздердің басшылығында (XVII ғ.) билер болды деп айта келе, қазақ қоғамының ұйымдасуының екі түрлі формасының болуы мүмкін бе деген сұраққа бұл жайлы деректердің аздығынан біз екеуі екі бөлек жүйе және олар қазақ қоғамында қатар өмір сүрді деп айта алмаймыз дейді. Бар деректерді саралай келе, ол қазақ қоғамындағы ұлыстар жүздерге ауысты деген пікірге келеді (Султанов, 1982: 84). Т. Султановтың бұл пікіріне Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымына тоқталған басқа да қазақстандық ғалымдардың қосылатындығын көруге болады. Олар Н. Атығаевтың XV ғасырдың ортасы мен XVI ғасырдағы Қазақ хандығындағы ұлыстар кейініректе жүздермен ауыстырылды деп көрсетуі (Атығаев, 2003: 154) және Ж. Құндакбаеваның «Кейінгі ортағасырлар кезеңіндегі Қазақстан тарихы (XIII-XVIII ғ. алғашқы жартысы) атты еңбегінде көрініс тапты (Құндакбаева, 2011: 133).

Ұлыстарды өз ішінде бөлу мәселесі Шыңғыс ханның тұсында қалыптасқан төрт карачи бек дәстүрі бойынша қалыптасқан. Ж. Сабитовтың «Политическая система Золотой орды: генезис основных политических институтов» атты мақаласында төрт карчи бек классикалық ру-тайпалық (клановая) жүйе деп көрсетіледі. Ол Рашид ад-Диннің, моңғолдардың киелі шежіресін, Муизз-ал-Ансабтың деректерін салыстырып Шыңғыс ханның Жошы ұлысын бөлгенде 4 мыңдықты 4 әмірімен қосып береді дейді. Олар: Хунан (Кутан) кенегес, Мунгур (Мункеур) сиджуит, Кете (Кетилтай) кунлуит, Байку хушин (Сабитов, 2012: 271). Бұл төрт карчи бектердің өз әмірлері болды, яғни төрт әмір немесе бек. Бұлардың бірі ұлы карачибек немесе беклербек болды. Ол қалған үшеуінің үстінен қарайтын болған. Батудың Европа жорығынан кейін ұлыстарды бөлу мәселесінде Қарақорымдағы саяси жағдайдың тұрақсыздығына байланысты, яғни Үгедей қағанның қайтыс болып, оның орнына ұлы Гүйіктің келуі мүмкіндігі және ол таққа келгенде Батуға қарсы жорыққа шығу мүмкіндігі себептерінен ұлыстарды өзінің сенім артатын адамдарына бөліп беру керек болды. Бұған дейінгі ұлыстарды сол рудан шыққан ақсүйек-

терге бөлініп отырған болса, Бату ұлыстардың барлығын өзінің қандас бауырларына бөліп берді. Себебі, Гүйік пен Бату арасында кикілжің туған жағдайда карачи бек әмірлері заңды қаған Гүйіктің жағына шығып кетуі әбден мүмкін еді. Кейін Алтын Ордада өзбек ханның әкімшілік реформасын жүзеге асыруда Бату мен Орда Ежен ұрпақтарына ұлыстар иелігі қалдырылып, өзгелерінен ұлыстар тартып алынып, рулық ақсүйектерге берілді.

Алтын Орданың ру-тайпалық жүйесінің Қазақ хандығының тарихында көрініс тапқанын Ж. Сабитовтың «Казахские жузы и клановая система Золотой Орды» атты мақаласынан көруге болады. Қазақ хандығының екі қанаты, яғни оң қанаты қатағандардан және сол қанаты Алаш мыңынан тұратын біз жоғарыда айтқан болатынбыз. Осы сол қанатты құрайтын Алаш мыңының құрылуын Жәнібек сұлтан мен Керей сұлтанның Моғолстанға кетуі кезеңінде құрылған болар деген пікірін айта келе, Ж. Сабитов: «Сол кездің өзінде олардың кішігірім әскерінің екі қанаты болған. Осы кезеңде жүздер (жүздіктер), Алаш мыңының бөлімшесі (мыңдықтар) пайда болды. Бастапқыда жүздердің әскери жүздіктер болғандығын қазақтардың шығу-тегі туралы аңыздардың барлығында айтылады. Осы жүздіктердің басшылығында үйсін, арғын, алшын руларының өкілдері тұрды. Егер оған қатағандарды қосатын болсақ кәдімгі Алтынордалық төрт карачибек ру-тайпалық жүйені көреміз» (Сабитов, 2015а: 1167) деп айтады. Бұл мәліметтерді саралай келе, Алтын Орданың ру-тайпалық жүйесінің Қазақ хандығында да көрініс тапқанын байқаймыз. Бұл мәселе әлі терең зерттеулерді талап ететіні анық, сондықтан біз бұл мәселелерге алдағы уақытта тағы тоқталамыз.

Алтын Орда мен Қазақ хандығында билік, мемлекеттік құрылымдарының негізгі ұлыстар да бір әулеттің қолында болды. Екі мемлекеттің де билеушілері хан болды. Хан мемлекеттегі жоғарғы билеуші және бірінші тұлға саналып, саяси, соттық және әскери басшы болды. Алтын Орданың ханы өзбек хан тұсында мұсылман діні қабылданып, мемлекеттік дінге айналды және билеуші үшін арнайы оқылатын хұтба намазы оқылды. Бұл дәстүр Қазақ хандығында да жалғасын тапты. Қазақ хандығында хұтба оқылғаны және теңге соғылғаны жайында ортағасырлық тарихшы Сухайл өз шығармасында көрсетеді. Ол «қазақ ханы Тұрсын өз атынан егемен патша ретінде хұтба жариялады, өз теңгелерін соқты» деп жазады (Қойгелдиев, 2007: 424). Хан билігі моңғол им-

периясында Шыңғыс ханның ұрпақтарына, ал Жошы ұлысында Жошы ұрпақтарына ғана тиесілі болды. Моңғол империясының құрылу барысында-ақ Шыңғыс хан өзінің және ұрпақтарының билігін заңдастыруды көздеді. Бұған қол жеткізуге соғыс барысында жеткен жетістіктері мен ерліктері, тапқан байлығы жеткіліксіз еді. Өйткені, басым көпшілі көшпелі халықтан тұрғандықтан, оларды басқарып, қол астында ұстау үшін биліктің идеологиялық негізі қажет болды. Б.Б. Кәрібаев өз еңбегінде бұл мәселені қарастырып өткен болатын. Ол 1240 жылғы «Моңғолдың құпия шежіресінде» алғаш рет негізделеді дей келе, «Моңғолдың құпия шежіресіндегі» және Рашид-ад-диннің «Жылнамалар жинағындағы» деректерді талдап, Шыңғыс хан әулетінің билігін идеологиялық жағынан негіздейтін бірнеше белгіні көрсетеді. Олар:

1) Шыңғыс ханның 27 атасы Борте-Чино Көктің құдіретімен дүниеге келген, яғни оның ерекше жаратылғандығын, жер бетіндегі адамдардан жоғары тұратындығын, Көктің оны адамдар арасына белгілі бір мақсаттар үшін жібергендігін көрсетеді;

2) Моңғолдар үшін киелі болып саналатын Бұрхан тауын алғаш қоныстанған адам – Шыңғыс ханның осы түп атасы. Бұл – Шыңғыс хан әулетінің Моңғолияның иесі екендігін көрсетеді;

3) Шыңғыс ханның 11 атасы да ерекше жағдайда, дүниенің тылсым күшінің арқасында дүниеге келеді. Бұл да осы әулеттің ерекше жаратылысын, киелілігін көрсетеді.

4) Шыңғыс ханның 27-атасына дейінгі шығу тегі нақты көрсетіледі. Бұл осы әулеттің тектілігін білдіреді.

5) Шыңғыс ханның 11 атасынан бастап өзіне дейінгі шығу тегінде оның аталары ең үлкен ұлдар ретінде көрсетіледі. Бұл осы әулеттің бүкіл моңғол тайпалары арасында жолы үлкендігін білдіреді.

6) Шыңғыс ханның аталарында батыр да, мерген де, қаған да болған. Ол – әулеттің ел басқаруға, қол бастауға, билік айтуға толық құқылы екендігін білдірді.

Осылайша ортағасырлық адамдар үшін шығу тегінде ерекше қасиеттер мен киелілік белгілері толы болған адамның болмысы да ерекше жаратылған деген қоғамдық сананы қалыптастырады. Сол дәуірдің адамдарының санасында Шыңғыс ханның тұлғасы шынында да Көктің әмірімен жаралған тұлға деген бейнелейді. Ал оның әулеті де қоғамдық санада дәл солай бейнеленеді деп қорытындылайды (Карибаев, 2015: 285).

В. Трепавлов чингизидтердің хан билігін киелілендірудің ерте түрік мемлекеттері мен тарихи сабақтастығын ашып көрсетеді (Трепавлов, 1993: 72). Өз монографиясында Шыңғыс-хан әулетіне дейін Ғұн империясындағы яғни б.д.д. II ғ. Ғұндар билеушісі «аспаннан жіберілген ұлы шаньюй» деген лауазымға ие болды. Қидан, Түрік қағанаты, Найман және Керейт мемлекеттерінде хандар, қағандар өздерін аспаннан түскен қаған немесе көк аспан мен күннен туған қаған деп көрсеткен. Яғни Шыңғыс-хан хан әулетін киелендіру мәселесінде ерте түрік мемлекеттерінің тәжірибесін пайдаланғаны анық. Осының нәтижесінде моңғол империясы ыдырағаннан кейін де, жеке дара империяға айналған ұлыстарда (Жошы ұлысы, Төле ұлысы, Шағатай ұлысы, Үгедей ұлысы), бұл ұлыстар ыдырап, құрылған хандықтарда да Шыңғыс-хан ұрпақтарының билігі заңды деп, таққа тек Шыңғыс-хан ұрпақтары отырды. Қазақ хандығында да осы дәстүр сақталып, Шыңғыс хан әулетінің ұрпақтары қазақ қоғамында төре атанып, қазіргі таңға дейін олардың қазақ қоғамында сый-құрметке ие болуы, қазақ қоғамының билікке деген құрметін көрсетеді.

### Қорытынды

Бес жарым ғасыр бұрын құрылған Қазақ хандығының өзіне дейінгі Алтын Орда мемле-

кетімен хан әулеті тұрғысынан, территориялық жағынан тарихи сабақтастық болғаны анық. Осы екі мемлекеттің ішкі құрылымындағы басқару жүйесінің, әкімшілік құрылымының, билеуші әулеттің идеологиялық шығу көздерін салыстыра отырып, алғашқы саяси жүйедегі мемлекеттік құрылымының Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымында көрініс тапқанына көзімізді жеткіздік.

XIII ғасырдың 40-жылдары Үгедей хан тұсында «моңғолдың құпия шежіресі» атты еңбектің жазылуының бір мақсатына Шыңғыс хан және оның ұрпақтарының жаулап алған аймақтардағы билігін идеологиялық тұрғысынан негіздеу болды. Ал одан кейінгі ғасырларда бұл идеология ислам дінімен біте қайнасып, шыңғыстық идеологияға алып келеді. Қазақ хандығы дәуірінде бұл идеология жергілікті этностың санасына сіндіріліп, «Хан – Алланың жердегі көлеңкесі» деген қағидамен өміршең болды. Бұл да XIII-XIX ғасырлар аралығындағы хандық биліктің тарихи эволюциясы мен сабақтастығының бір дәлелі болып табылады. Жалпы қорыта келе, Алтын Орда мен Қазақ хандығы арасындағы тарихи сабақтастық тақырыбы өте ауқымды және күрделі мәселе екеніне көзімізді жеткіздік. Оның әрбір мәселесін жан-жақты және ғылыми тұрғыда терең талдау, біздің болашақтағы зерттеулеріміздің басты тақырыбы болады.

### Әдебиеттер

- 1 Атығаев Н.А. (2003) Казахское ханство в XV- середине XVI века: диссертация на соискание кандидата исторических наук. Алматы.
- 2 Березин И.Н. (1850) Внутреннее устройство Золотой Орды по ханским ярлыкам. СПб. Им-перский АН.
- 3 Владимирцов Б.Я. (1934) Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. Ленинград. Издательство АН СССР.
- 4 Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. (1950) Золотая Орда и ее падение. М-Л. Издательство АН СССР.
- 5 Егоров В.Л. (1972) Государственное и административное устройство Золотой Орды. // Вестник истории. №2.
- 6 История татар с древнейших времен. (2009) Том 3. Измайлов И., Исхаков Д. Хан и аристократия: Структура власти и управления. Казань.
- 7 Карибаев Б.Б. (2015) Қазақ хандығының құрылу тарихы. Алматы. Сардар.
- 8 Қойгелдиев М., Қинаятұлы З., Өскенбай Қ. (2007) Қазақ мемлекеттілігінің тарихы (ежелгі және ортағасырлық кезең): монографиялық зерттеу. Алматы. Адамдар.
- 9 Крадин Н.Н. (2001) Кочевники в мировом историческом процессе. // Философия о общество. Выпуск №2(23). www.socionauki.ru/journal/articles/258187/Қаралған уақыты: 11.02.2017.
- 10 Құндақбаева Ж.Б. (2011) Кейінгі ортағасырлар кезеңіндегі Қазақстан тарихы (XIII-ХҮІІІ ғ. алғашқы жартысы). Алматы. Қазақ университеті.
- 11 Қадырғали Ж. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері XV-XIX ғасырлар шығармаларынан үзінділер. (2006) Том 5. Алматы. Дайк-Пресс.
- 12 Сабитов Ж.М. (2012) Политическая система Золотой Орды: генезис основных политических институтов. // Золотоордынская цивилизация. Выпуск 5.
- 13 Сабитов Ж. (2015) Золотая Орда – «падчерица Казахстанской историографии» // <http://www.altyn-orда.kz/zolotaya-orда-padchERICA-kazakhstanSKOJ-istoriografii/> Қаралған уақыты: 05.02.2017.
- 14 Сабитов Ж. (2015a) Казахские жузы и клановая система Золотой Орды. // Молодой ученный. №11(91).

- 15 Скрынникова Т.Д. (2013) Харизма и власть в эпоху Чингиз-хана. Санктпетербург. Евразия.
- 16 Султанов Т. (1982) Кочевые племена Приаралья в XV - XVII вв: вопросы этнической и социальной истории. Москва: Наука.
- 17 Трепавлов В.В. (1993) Государственный строй Монгольской империи XIII в. Проблема исторической преемственности. Москва: Наука.
- 18 Федоров-Давыдов Г.А. (1973) Общественный строй Золотой Орды. Москва: Московский университет.
- 19 Shamilogly U. (1986) Tribal Politics and Social Organization in the Golden Horde. Columbia.Columbia University. (Ph.D. Dissertation).

#### References

- 1 Atygaev N.A. (2003) Kazakhskoe khanstvo v XV – seredine XVI veka. Dissertatsiya na soiskanie kandidata istoricheskikh nauk. Almaty.
- 2 Berezin I.N. (1850) Vnutrennee ustroystvo Zolotoy Ordy po khanskim yarlykam. SPb. Imperskiy AN.
- 3 Vladimirtsov B. Ya. (1934) Obshchestvennyi stroy mongolov. Mongol'skiy kochevoy feodalizm. Leningrad. Izdatel'stvo AN SSSR.
- 4 Grekov B.D., Yakubovskiy A.Yu. (1950) Zolotaya Orda i ee padenie. M-L. Izdatel'stvo AN SSSR.
- 5 Egorov V.L. (1972) Gosudarstvennoe i administrativnoe ustroystvo Zolotoy Ordy. // Vestnik istorii. №2.
- 6 Istoriya tatar s drevneyshikh vremen. (2009) Tom 3. Izmaylov I., Iskhakov D. Khan i aristokratiya: Struktura vlasti i upravleniya. Kazan'.
- 7 Karibaev B.B. (2015) Kazak khandygynyn kurylu tarikhy. Almaty. Sardar.
- 8 Koigeldiev M., Kinayatuly Z., OskembaiK. (2007) Kazakh memlekettiliginin tarihy (ezhelgi zhane ortagasyrlyk kezden). Monografiyalyk zertteu. Almaty. Adamdar.
- 9 Kradin N.N. (2001) Kochevniki v mirovom istoricheskom protsesse. // Filosofiya o obshchestvo. Vypusk №2(23). www.socionauki.ru/journal/articles/258187/ Karalgan uakyty: 11.02.2017.
- 10 Kundakbaeva Zh.B. (2011) Keyingi ortagasyrlar kezendeги Kazakhstan tarikhy (XIII-XYIII g. algashky zhartyty). Almaty. Kazak universiteti. 2011.
- 11 Kadyrgali Zh. Kazakhsan tarikhy turaly tyrki derektemeleri XY-XIX gasyrlar shygarmalarynan yzindiler. (2006) Tom 5. Almaty. Dayk-Press.
- 12 Sabitov Zh.M. (2012) Politicheskaya sistema Zolotoy Ordy: genezis osnovnykh politicheskikh institutov. // Zolotoordynskaya tsivilizatsiya. Vypusk 5.
- 13 Sabitov Zh. (2015) Zolotaya Orda – «padcheritsa Kazakhstanskoy istoriografii»// <http://www.altyn-orda.kz/zolotaya-orda-padcherica-kazaxstanskoy-istoriografii/> Karalgan uakyty: 05.02.2017.
- 14 Sabitov Zh. (2015a) Kazaxskie zhuzy i klanovaya sistema zolotoy ordy. // Molodoj uchennyj. №11(91).
- 15 Skrynnikova T.D. (2013) Harizma i vlast' v epohu Chingiz-khana. Sanktpeterburg. Evraziya.
- 16 Trepavlov V.V. (1993) Gosudarstvennyy stroy Mongol'skoy imperii XIII v. Problema istoricheskoy preemstvennosti. Moskva. Nauka.
- 17 Fedorov-Davydov G.A. (1973) Obshchestvennyy stroy Zolotoy Ordy. Moskva. Moskovskiy universitet.
- 18 Shamilogly U. (1986) Tribal Politics and Social Organization in the Golden Horde. Columbia.Columbia University. (Ph.D. Dissertation).